

БЕКІТЕМІН

«Бірінші болу - батылдық» КҚ-ның
Атқарушы директоры
С. Н. Қазыбаева



2019ж.

Әкіден ережелері

Басты ұғымдар:

- «Төрешілер алқасы» - жарыстардың дұрыс өтуін тексеру және қадағалау үшін құрылған комиссия.
- «Әкіден» - марафон қашықтығындағы эстафетадан тұратын тас жол бойынша жүгіруден спорттық жарысы.
- «Қарсылық» - жарыс нәтижелерімен келіспеу туралы арыз.
- «Наразылық» - жарыс Директорының атына жазылған міндеттемелерін орындаудағы бұзушылықты жою туралы жазбаша талап.

I. Жарыс мақсаттары

Әкіден жөніндегі жарыс мақсаттары:

- Қатысушы-компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігін дамыту;
- Еліміздегі бұқаралық спорт пен салауатты өмір салты жөніндегі идеяларды қолдау;
- Қатысушы-компаниялар арасында корпоративтік рухты нығайту, қызметкерлердің уәждемелері мен қарым-қатынасының тиімділігін арттыру;
- Республикалық маңызы бар қайырымдылық жобаларын қолдау.

II. ЖАРЫС БАСШЫЛЫҒЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ

Жарысты ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыратындар:

- 2.1. Жалпы басшылықты «Бірінші болу - батылдық» КҚ жүзеге асырады.
- 2.2. Жарысқа дайындық пен оны өткізу жұмыстары Ұйымдастыру комитетіне, яғни, «Бірінші болу - батылдық» КҚ-на (әрі қарай – Ұйымкомитеті) жүктеледі.
- 2.3. Ұйымкомитеті Жарыс ережесін (әрі қарай - Ереже), өткізілетін орынды бекітеді, сонымен қатар осы Ереже мен ұйымкомитеті мүшелерінің құрамына өзгертулер мен қосымшалар енгізеді.

Ұйымкомитеті жауапты:

- Төрешілер алқасының жұмысы үшін құжаттар мен материалдарды дайындайды;
 - Жарыс қатысушыларының жағдайын жасайды;
 - Жарыс жүлдегерлері мен жеңімпаздарына жүлделер ұсынады;
 - Қатысушыларды ақпараттық қамтамасыз етуі (ақпарат орталығы);
 - Жарыстың төрешілігі;
 - Спорт жабдықтарын жалға алады;
 - Жарыстың қауіпсіздік шараларын, медициналық қамтамасыз етуін және өрттен қорғауды ұйымдастырады.
- 2.4. Жарысқа дайындықты және өткізілуін бақылау, ресми наразылықты қарастыру және даулы мәселелерді шешу, сонымен қатар құжаттарды қарастыру мен жарысқа қатысу рұқсаты Төрешілер алқасына жүктеледі.
 - 2.5. Төрешілер алқасының құрамына мыналар кіреді:

- Жарыстың бас төрешісі;
- Жарыстың бас хатшысы;
- Сәре-мәре аймағының төрешісі;

Комиссия құрамына кәсіби спортшылар мен мамандар шақырылуына болады. Төрешілер алқасын жарыстың Бас төрешісі басқарады. Төрешілер алқасының хатшысы болып жарыстың Бас хатшысы тағайындалады.

III. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ЖЕРІ МЕН УАҚЫТЫ

3.1. Жарыстың күні мен уақыты: 21 сәуір 2019 ж. сағат 6.00-ден 15.00-ге дейін.

3.2. Өткізілетін орын: Алматы қ. Сәре/мәре – Республика алаңы (Сәтпаев және Желтоқсан көшелерінің қилысы)

IV. ЭКИДЕН БОЙЫНША ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ МЕН ЖАРЫСТАН ШЫҒАРЫП ТАСТАУ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Әр компания жарысқа бірнеше команда ұсынуға құқылы.

4.2. Жарысқа 18 жастан асқан, қажетті дайындығы бар ерлер мен әйелдер арасынан кез-келген адам қатыса алады.

4.3. Эстафетаға қатысу үшін 6 адамнан тұратын команда құрылу керек. Топтың құрамында жоғарыда айтылған адам саны болмаса Эстафетаға қатыса алмайды.

4.4. Эстафетаға жеңіл атлетика саласындағы әрекет ететін спортшылар қатыстырылмайды. Құрамында жеңіл атлетика саласындағы әрекет ететін спортшылары бар командалар жарыстан шығарылып тасталынады.

4.5. Эстафета қатысушыларына басқа қашықтықтарға және бірнеше команда құрамында бір уақытта қатысуға тыйым салынады. Қатысушы жарыста екі немесе бірнеше командада және арақашықтықтарда ұсынылған жағдайда, қатысушы және командалар жарыстан шығарылады.

4.6. Команданың әрбір қатысушысы өзінің кезеңін аяқтағаннан кейін арнайы көрсеткіштермен белгіленген эстафетаны беру орындарында эстафетаны келесі қатысушыға береді. Ары қарай жүгіруге тыйым салынады.

4.7. Экиден эстафетасына қатысуға ұсыныс білдірген ұйымдардың қызметкерлері ғана жіберіледі. Сонымен қоса, спорттық мектептер және фитнес клубтары өздерінің клуб және мектеп мүшелерін, білім беру мекемелері өздерінің оқушыларын/студенттерін қатыстыра алады.

4.8. Әрбір қатысушы Эстафета қатысушыларының дербес мәліметтерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімін береді.

4.9. Ұйымкомитетінің сұранысы бойынша, команда қатысушылары жұмыс орнынан анықтама беруі қажет.

V. ҚАШЫҚТЫҚ ПЕН ЭСТАФЕТАНЫ БЕРУ ОРЫНДАРЫ

5.1. Экиден қашықтығы: 5км; 10км; 5км; 10 км; 5км; 7км 195м. Қашықтықтың жалпы ұзындығы 42 км 195м.

5.2. Эстафета таяқшасын беру:

- 1-қатысушы (сөреде) – Площадь Республики,
- 2-қатысушы – Әл-Фараби даңғылы, Ходжанов көшесінің қиылысы;
- 3-қатысушы – Абай даңғылы, Тлендиев көшесінің қиылысы,
- 4-қатысушы – Сәтпаев көшесі, Сейфуллин көшесінің қиылысы,
- 5-қатысушы – Сайын даңғылы, Торайғыров көшесінің қиылысы,
- 6-қатысушы – Абай даңғылы, Өтеген батыр көшесінің қиылысы.

5.3. Әр қатысушы өз кезеңін аяқтаған соң, арнайы белгіленген эстафета беру орнында келесі қатысушыға эстафетаны береді.

VI. ТІРКЕЛУ. БАСТАПҚЫ ЖАРНА

- 6.1. Командалардың тіркелуі almaty-marathon.kz сайтында 2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап 2019 жылдың 1 сәуіріне дейін жүзеге асырылады.
- 6.2. Экиденде қатысу үшін қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі келісімшарт жасау керек. Толығырақ ақпаратты төменде көрсетілген байланысу құралдары арқылы біле аласыздар.
- 6.3. Бір команданың қатысуы үшін бастапқы жарна құны **130 000** теңгені құрайды. Қатысу – үндеу хатына сәйкес төленеді.
- 6.4. Сөрелік жинақты алу 2019 жылы 19-20 сәуірде Спорт Жәрмеңкесінің аймағында жүзеге асырылады.
- 6.5. Қатысушылар жинақтарды алу кезінде төменде көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін ғана жарысқа қатыса алады:
 - Жеке куәлігінің көшірмесі;
 - Өзінің денсаулығына толық жауапкершілік жайлы қолхат.

VIII. МАРАПАТТАУ

- 7.1. Экидендегі марапаттау 1-3 орындағы абсолюттік біріншілікте жүзеге асырылады.
- 7.2. Мәре сызығын аттаған барлық қатысушылар естелік медалін, естелік мүсінше және алғыс хат алады.

IX. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТТАРЫ

E-mail: cc@almaty-marathon.kz

Сайт: almaty-marathon.kz